

БАЛАЛАРДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК БЕЙІМДЕЛУІНЕ ӘСЕР ЕТЕТІН ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ФАКТОРЛАР

Сағынбаева Айгерім Ерболатқызы

saginbayevas@mail.ru

7M01101 – Педагогика және психология білім бағдарламасының II курс магистранты Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау қ, Қазақстан Республикасы

Қазіргі қоғамда балалардың әлеуметтік бейімделуі өзекті мәселелердің бірі. Әлеуметтік ортаға тиімді бейімделе алған бала болашақта қоғамның белсенді мүшесіне айналады. Ал бейімделу процесінде қиындықтарға тап болған балаларда агрессия, тұйықтық, өзін-өзі бағалаудың төмендігі сияқты мәселелер туындайды.

Әлеуметтік бейімделу – бұл баланың қоршаған ортамен өзара әрекеттесу қабілеті, әлеуметтік нормалар мен құндылықтарды меңгеруі. Бұл үдеріс тек педагогикалық емес, сонымен қатар психологиялық факторларға тікелей байланысты.

Әлеуметтік даму жағдайының өзгеруі баладан қоршаған ортамен бұрын қалыптасқан өзара әрекет формаларын қайта құруды талап етеді, бұл бейімделу үдерісін әр бала үшін жеке әрі ерекше осал етеді [1].

Бейімделу үдерісінің табыстылығы көп жағдайда жаңа әлеуметтік жағдайдың бала үшін қаншалықты эмоционалдық тұрғыдан маңызды және психологиялық жағынан қолайлы болуына байланысты. Бұл ретте ересектермен қарым-қатынастың сипаты жетекші рөл атқарады. Жеке назардың жеткіліксіздігі, бейімделу қарқынының баланың жас ерекшеліктеріне сәйкес келмеуі тұрақты жағымсыз эмоционалдық реакциялардың пайда болуына әкеліп соғады. Қолдаушы, эмоционалды жылы қарым-қатынас алаңдаушылықты төмендетіп, баланың балабақшаға деген жағымды көзқарасын қалыптастыруға ықпал етсе, ал қарым-қатынастың жеткіліксіздігі бейімделудің жағымсыз көріністерін күшейтеді [2].

Ерте жастағы балалардың бейімделуінің табыстылығы - олардың кейінгі эмоционалдық және әлеуметтік дамуы үшін маңызды, сондай-ақ білім беру жүйесінің келесі сатыларында

табысты бейімделуін айқындайды. Осыған байланысты 1,6–2 жастағы балалардың бейімделуінің психологиялық ерекшеліктерін зерттеу маңызды болып табылады.

Жеке айырмашылықтар алаңдаушылық деңгейінде, дербестік дәрежесінде, ойын әрекетіндегі белсенділігінде және қарым-қатынас орнату қабілетінде көрінеді. Ерте жаста баланың дамуы біркелкі емес сипатта болады, бұл бірдей орта жағдайларына әртүрлі реакциялардың туындауына себеп болады [3]. Осыған байланысты тәрбиелеу және педагогикалық қолдау жағдайлары ұқсас болғанымен, балалар әртүрлі бейімделу деңгейін көрсете алады.

Табысты бейімделудің маңызды факторларының бірі – бұл отбасы мен мектепке дейінгі білім беру ұйымы талаптарының өзара сәйкестігі. Күн тәртібінің болжамдылығы, ересектердің эмоционалдық тұрақтылығы және баланы жаңа жағдайларға біртіндеп енгізу стресс жүктемесінің төмендеуіне ықпал етеді. Керісінше, балабақшада болу уақытының күрт артуы, жеке тәсілдің болмауы және педагогтармен сенімді қарым-қатынастың қалыптаспауы бейімделу үдерісінің қиындауына әкеледі. Осылайша, ерте жастағы балалардың балабақша жағдайына бейімделуі баланың жас ерекшеліктеріне тән психологиялық қасиеттері, жеке айырмашылықтары және әлеуметтік-педагогикалық жағдайлардың өзара әрекеттесуімен анықталатын күрделі үдеріс болып табылады. Бұл факторларды

түсіну мектепке дейінгі білім беру ұйымы жағдайында бейімделу кезеңін тиімді ұйымдастыру жүйесін құруға мүмкіндік береді.

Баланың қоғамға бейімделу мәселесін балалық шақтан бастап көптеген зерттеулер жүргізіледі. Педагогика және психология саласындағы зерттеуші-ғалымдар Л.С. Выготский, А.Д. Кошелева, М.И. Лисина, А.В. Мудрик, В.С. Мухина, Т.А. Репина, А. Маслоу, А. Олпорт, К. Роджерс, П.К. Анохин, Р.М. Баевский, В.В. Богословский, В.П. Казначеев, В.И. Медведев, Ф.З. Меерсон, А.А. Налчанджян, Р.С. Немов, А.В. Петровский, Г. Селье, А.Ж. Юревиц және т.б. Сонымен қатар, жекелеген қырлары, әсіресе тарихи тұрғыдағы аспектілері әлі де зерттелініп жатыр.

Осы тұрғыда психология ғылымында жеткілікті деңгейде зерттелген екі аспектіні қарастыруға болады: мектепке дейінгі жастағы баланың әлеуметтік бейімделуі – оның әлеуметтенуінің бастапқы кезеңдерінің бірі ретінде және ерте және мектепке дейінгі жаста белсенді жүзеге асатын идентификация механизмі.

Басқаша айтқанда, әлеуметтік бейімделу деп – бұл тұлғаның әлеуметтік ортамен тиімді өзара әрекеттесу үдерісі, оның барысында адам әлеуметтік мінез-құлық механизмдерін меңгеріп, бейімделушілік мәні бар әлеуметтік нормаларды игереді. Бұл ретте онтогенетикалық әлеуметтену ерекше рөл атқарады. Оны индивид пен әлеуметтік ортаның өзара әрекеттесу үдерісі ретінде сипаттауға болады, мұнда тұлға тұлғааралық қарым-қатынас саласында туындайтын әртүрлі проблемалық жағдайларға тап бола отырып, әлеуметтік мінез-құлықтың механизмдері мен нормаларын, белгілі бір ұстанымдар мен мінез-құлық қасиеттерін меңгереді, олардың барлығы бейімделушілік сипатқа ие.

Осы тұрғыда кез келген проблемалық жағдайларды еңсеру үдерісін тұлғаның әлеуметтік-психологиялық бейімделу үдерісі ретінде қарастыруға болады. Бұл үдерісте тұлға өзінің даму және әлеуметтену кезеңдерінде бұрын меңгерген дағдылары мен мінез-құлық механизмдерін пайдаланады немесе мінез-құлықтың жаңа тәсілдерін, міндеттерді шешудің жаңа жолдарын, ішкі психикалық үдерістердің жаңа бағдарламалары мен жоспарларын қалыптастырады.

Олай болса, ғылыми әдебиеттерді талдау әлеуметтік бейімделуді адамның жағдайын сипаттайтын интегративті көрсеткіш ретінде қарастыруға мүмкіндік береді. Ол адамның келесі биологиялық-әлеуметтік функцияларды орындау мүмкіндіктерін көрсетеді:

- қоршаған ортаны және өз ағзасын адекватты қабылдау;
- айналасындағылармен дұрыс қарым-қатынас және өзара әрекет жүйесін қалыптастыру;
- еңбек етуге, оқуға, бос уақытын ұйымдастыруға қабілеттілік;
- отбасында және ұжымда өзін-өзі қызмет ету және өзара қызмет көрсету дағдылары;
- басқа адамдардың рөлдік күтулеріне сәйкес мінез-құлықтың икемділігі (бейімделгіштігі).

Атақты ғалымдар Л.С. Выготский мен Ж. Пиаженің еңбектерінде баланың әлеуметтік дамуы оның қоршаған ортамен өзара әрекеттесуінде қалыптасатынын атап өткенін көруімізге болады. Ал қазіргі зерттеулерде әлеуметтік бейімделу көп факторлы процесс ретінде қарастырылады.

Сонымен қатар, психологтар әлеуметтік бейімделуді тұлғаның ішкі және сыртқы факторлардың өзара әрекеттесу нәтижесі ретінде сипаттайды.

Әлеуметтік бейімделу – тұлғаның әлеуметтік ортамен тиімді өзара әрекеттесу үдерісі.

Бұл үдеріс барысында бала:

- әлеуметтік нормаларды меңгереді;
- мінез-құлық үлгілерін игереді;

- қарым-қатынас дағдыларын дамытады.

Сонымен қатар, бейімделу – тек сыртқы ортаға икемделу ғана емес, баланың ішкі психикалық құрылымдарының өзгеруімен де сипатталады.

Сол зерттеулерге сүйенсек, әлеуметтік бейімделуге әсер ететін негізгі психологиялық факторларды ұсынамыз (1-сурет):



Сурет - 1 - Балалардың әлеуметтік бейімделуіне әсер ететін психологиялық факторлар (автор құқығында)

Жоғарыдағы 1-суретте көрсетілген балалардың әлеуметтік бейімделуіне әсер ететін психологиялық факторларды ашып көрсететін болсақ:

Эмоционалдық факторлар. Баланың эмоционалдық жағдайы әлеуметтік бейімделудің негізі болып табылады. Эмоцияларын басқара алатын бала әлеуметтік ортада өзін сенімді ұстайды. Ал эмоционалдық тұрақсыздық бейімделу процесін қиындатады. Мысалы: үрей, қорқыныш, агрессия. Аталған бұл эмоциялар баланың қарым-қатынас орнатуына кедергі келтіреді.

Өзін-өзі бағалау. Баланың өз мүмкіндіктеріне деген сенімі. Егер бала өзін жоғары бағаласа, ол жаңа ортаға тез бейімделеді. Ал, төмен өзін-өзі бағалау әлеуметтік оқшаулануға әкеледі.

Қарым-қатынас дағдылары. Қарым-қатынас яғни коммуникативтік қабілеттер әлеуметтік бейімделудің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Бұл факторда баланың: сөйлеу мәдениеті, тыңдай білуі, өз ойын жеткізуі қалыптасады және оның әлеуметтік ортада тиімді әрекет етуіне ықпал етеді.

Отбасылық факторлар. Отбасы – баланың алғашқы әлеуметтік ортасы. Отбасындағы қарым-қатынас стилі баланың психологиялық дамуына әсер етеді. Мысалы: қолдау көрсететін отбасы – бейімделуді жеңілдетеді, конфликтілі орта – бейімделуді қиындатады.

Тұлғалық ерекшеліктер. Әр баланың жеке тұлғалық қасиеттері оның әлеуметтік бейімделуіне әсер етеді. Интроверт балалар жаңа ортаға баяу бейімделсе, экстраверт балалар тез араласады.

Бұл аталған психологиялық факторлар балалардың әлеуметтік бейімделуіне әсер етеді. Тұлғаның бейімделу үдерісін адамның қызметінің нәтижесі ретінде де қарастыруға болады, яғни ол биологиялық және психикалық қасиеттер негізінде қалыптасатын, сондай-ақ индивид тәрбиеленіп, өмір сүретін қоғам мен мәдениет

кұрылымының ықпалымен пайда болатын тұрақты сипаттардың жиынтығы болып табылады [4].

Балалардың әлеуметтенуі және олардың эмоционалдық, когнитивтік және мінез-құлықтық аспектілерді қамтитын күрделі әрі көпқырлы үдеріс екенін аңғардық. Бұл үдеріс барысында балалар әлеуметтік нормаларды, құндылықтарды және мінез-құлық үлгілерін меңгереді, бұл өз кезегінде олардың қоғам талаптарына бейімделуіне мүмкіндік береді.

Қорыта келе, балалардың әлеуметтік бейімделуі – қазіргі психология мен педагогика ғылымындағы өзекті мәселелердің бірі екендігі мәлім. Әлеуметтік бейімделу тұлғаның қоғам талаптарына сәйкес әрекет етуі, әлеуметтік нормалар мен құндылықтарды меңгеруі арқылы жүзеге асады. Бұл үдеріс баланың психологиялық дамуымен тығыз байланысты және оның тұлғалық қалыптасуына тікелей әсер етеді. Әсіресе ерте және мектепке дейінгі жаста әлеуметтік бейімделу ерекше мәнге ие, өйткені дәл осы кезеңде баланың қарым-қатынас жүйесі, мінез-құлық үлгілері және эмоционалдық тұрақтылығы қалыптасады.

ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Выготский Л.С. Собрание сочинений: в 6-ти т. Т. 4. Детская психология / Под ред. Д.Б. Эльконина. Л. С. Выготский – М.: Педагогика, 1984. – 432 с.
2. Лисина М.И. Общение, личность и психика ребенка. / Под редакцией Ружской А.Г. / М.И. Лисина – М.: Издательство «Институт практической психологии», Воронеж: НПО «МОДЭК», 1997. - 384 с.
3. Эльконин Д. Б. Психология развития / Д. Б. Эльконин. – М.: Академия, 2001. – 144 с.
4. Тухужева Л.А. Возрастные особенности и мотивы учения младших школьников / Л.А. Тухужева, Л.Х. Кокова / Вопросы науки и образования. – 2021. – №1. – С.2-15.